Автор: Укибасова Жумакул Амиржановна
Пән: Алгебра
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Қысқаша көбейту формулалары
Тақырып: Қысқаша көбейту формулалары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.1.2.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар: -қысқаша көбейту формулаларын біледі; -тиімді тәсілмен есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолданады; -қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындайды.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар : қысқаша көбейту формулаларын ауызша тұжырымдай біледі; ауызша тұжырымдалған қысқаша көбейту формулаларын жаза біледі;
Күтілетін нәтиже:	Екі өрнектің квадраттарының формуласын, екі өрнектің қосындысының квадраты мен айырмының квадратының фомулаларын біледі, есептер шығаруда формулаларды қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар: -қысқаша көбейту формулаларын біледі; -қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Белсенді қарым-қатынас, өзіндік шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Презентация
Пәнаралық байланыс:	Геометрия
Бастапқы білім:	Қысқаша көбейту формулалалры
Қысқаша көбейту формулалары	-қысқаша көбейту формулаларын біледі; -тиімді тәсілмен есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолданады; -қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындайды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Оқушылар түрлі түсті қағазға жазылған әріптерден бүгінгі сабақтың тақырыбын шығарады және сынып 4 түспен 4 топқа топқа бөлінеді. Жасырын сөз: «Қысқаша көбейту формулалары» Мұғалім: Олай болса, біз қысқаша көбейту формуласын қолдануға есептер шығарамыз. Мұғалім: Алдымен бүгінгі сабақтың мақсатын мынадай тапсырмалар арқылы шығарайық. Тапсырма: Есепте: №1. (□33□^2-□23□^2)/10=(33-23)(33+23)/10=(10•56)/10=56; №2. (а^2-в^2)/(а+в)=(а-в)(а+в)/(а+в)=а-в. Оқушыларға осындай тапсырмалар бере отырып бүгінгі сабақтың мақсатын ашу.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	«Ой қозғау» Ауызша тапсырмалар №1. Тұжырымды жалғастыр. Екіөрнектің квадраттарының айырымы ... . Екі өрнектің қосындысыныңквадраты ... . Екі өрнектің айырымының квадраты ... . Екі өрнектіңқосындысының кубы ... . Екі өрнектің айырымының кубы ... . №2. Қысқаша көбейту формуласын пайдалана отырып, көбейткіштерге жікте: №3. «Қатесін түзе!» Бағалау: Жауап берген оқушыларды әр түрлі смайликтер мен фишкамен мадақтау. Кейбіреулерін ауызша мадақтау Өте жақсы! Жарайсыңдар! Керемет!	
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: Қысқаша көбейту формулалары. Сабақты қорытындылау.	
Рефлексия	Рефлексия «МЕН ҮШІН БҮГІН САБАҚТА» Оқушыларға жеке парақша беріледі, олар үш бағыт бойынша өз жұмысы бойынша қажет сөздің астын сызу керек. Сабақ Мен сабақта Қорытынды 1. қызық 1. жұмыс істедім 1.материалды түсіндім 2. қызықсыз 2. демалдым 2. білетінімнен де көп білдім. 3. енжарлық 4. басқаларға көмектестім 3. түсінбедім	